



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 24 желтоқсан

2018 жылғы 14 желтоқсаннан 21 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

21 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға әлсіреп (371,31-ден), 371,35 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 14 желтоқсаннан 21 желтоқсан аралығында маңызды оқиғалар АҚШ-тың ФРЖ мөлшерлемесінің 0,25%-ға (2,25-2,5%-дың деңгейге дейін) көтерілуі, Жапония мен Ұлыбританияның ОБ негізгі мөлшерлемені сақтауы, сондай-ақ инвесторлардың жаңандық экономикалық өсідің жалғасуы туралы сенімсіздігі, ФРЖ-нің монетарлық саясатының және АҚШ-тың 2019 жылға арналған үақытша бюджеті туралы үағдаластықтың жоқтығы аясында қор нарықтары индекстерінің қатты құлдырауы болды. Аталған факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:


- **Үндістан рупиясы** Үндістанның отынды нетто-импорттаушы болуы себебінен Brent маркалы мұнай бағасының бір баррель үшін 54 долларға төмендеуі аясында 2,4%-ға (71,90-нан 70,18-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** облигациялар ұстаушылардың басым бөлігінің Үкіметтің әуежай құрылышының күші жойылған жобасына арналған \$1,8 млрд. борышты мерзімінен бұрын сатып алу ұсынысын қабылдағаннан кейін 1,5%-ға (20,24-тен 19,94-ке дейін) нығайды. Бұл Үкіметке \$6 млрд. бағаланған шығарылымның толық сомасын міндетті өтеуден құтылуға мүмкіндік береді.
- **Түрік лирасы** Президент Трамптың Сириядан американдық әскерлерді шығару туралы шешімінің аясында 0,9%-ға (5,36-дан 5,31-ге дейін) нығайды. Бұл АҚШ пен Түркия арасындағы шиеленістің әлеуетті көзін жояды;
- **Бразилия реалы** 0,3%-ға (3,91-ден 3,90-ға дейін) біраз нығайды. Бразилияның .Орталық банкі сыртқы тәуекелдерге және ішкі реформаларды жүргізу белгісіздігіне байланысты инфляция таргеттегетін деңгейден төмен болуы мүмкін екенін мәлімдеді;
- **Индонезия рупиясы** орталық банктің тарапынан жалғасып отырған валюталық өктемдіктерге қарамастан, 0,2%-ға (14 581-ден 14 553-ке дейін) біраз нығайды;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындаиды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Оңтүстік Африка рэнді** негізгі әлемдік қор индекстерінің теріс серпіні және инвесторлардың тәуекел активтеріне қызығушылығының төмендеуі аясында 1,7%-ға (14,40-тан 14,64-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының құлдырауы аясында 3,1%-ға (66,86-дан 68,95-ке дейін) әлсіреді;



**Дамуши елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылдың басынан бастап 2018 жылғы 21 желтоқсан аралығында)**



**Дамуши елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 14-21 желтоқсан)**



Дамушы елдер валютасының серпіні (7 желтоқсан 2018=100, индекстің өсуі – валютаның нығауы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мұна телефон бойынша алуды:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz